

**ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ»
ОФ «ГРАЖДАНСКИЙ АЛЬЯНС КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ «ГРИН»**



**МАТЕРИАЛЫ
РЕГИОНАЛЬНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАК КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ
ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ»**

КОСТАНАЙ, 2018



УДК 323/324 (574) (063)
ББК 66.3 (5Каз)
Д 85

Редакционная коллегия:

Байменова З.А., исполняющий обязанности руководителя ГУ «Управление внутренней политики акимата Костанайской области»;

Колдыбаев С.А., доктор философских наук, профессор, заведующий кафедрой философии Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова;

Зекрист Р.И., доктор философских наук, профессор, преподаватель кафедры гуманитарных наук Костанайского социально-технического университета им. З. Алдамжара;

Бачурин С.Н., кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, заместитель начальника по научной работе, полковник полиции Костанайской Академии МВД РК им. Ш. Кабылбаева;

Ташетов А.А., доктор Phd (философии), начальник Управления науки и международных отношений Костанайского государственного педагогического университета;

Штукина Е.Э., кандидат филологических наук, профессор, заведующий академической лабораторией Костанайского филиала Челябинского государственного университета;

Д 85 Духовная модернизация как ключевой фактор развития Казахстана в условиях четвертой промышленной революции: Материалы региональной научно-практической конференции /Ред. коллегия: Байменова З.А., Колдыбаев С.А. и др. – Костанай: ИП «Қапыш С.Е», 2018. - 361 с.

ISBN 978-601-336-514-5

Научное издание отражает результаты исследований региональных социально-экономических, общественно-политических проблем и основные аспекты работы: по разъяснению и пропаганде основных приоритетов Послания Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции», Стратегии развития Казахстана до 2050 года, статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»; по повышению уровня поддержки в общественном сознании государственной политики страны; по обеспечению единства нации и укреплению казахстанского патриотизма в Костанайской области.

УДК 323/324 (574) (063)
ББК 66.3 (5Каз)

ISBN 978-601-336-514-5

©ГУ «Управление внутренней политики акимата Костанайской области», 2018
©ОФ «Гражданский альянс Костанайской области «ГрИн» ., 2018

Проекты «Туған жер», «Сакральная география Казахстана», «100 новых имен Казахстана», «Культура Казахстана в глобальном мире» открывают новые грани духовной культуры, устойчивости, конкурентоспособности, прагматизма казахстанцев и апеллируют к открытости сознания.

Безусловно, современность – это новый вызов и новые перспективы. Казахская нация, как единый социально-исторический организм, как сильное государство и народ, вносит свой посильный вклад в строительство мирного будущего и уверено в том, что «настало время, когда ни один народ, ни в малейшей степени не должен мыслить категориями грубой силы. Наступил период, когда ни одному народу не следует ни за что вызывать к себе ненависть других народов; задаваться, распахивая остальных ... Отныне невозможно оставаться несправедливой, т. е. по большому счёту *внекультурной нацией*» [2].

Список использованных источников

1. Статья Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Астана, 12 апреля 2017.
2. Эрнест Хемингуэй. Райский сад. Рассказы разных лет. Очерки, статьи. Предисловие к антологии «Сокровище свободного мира» М.: АСТ, АСТ Москва, 2010 г.

Ақтас Ә. Қ., преподаватель,
Магистр гуманитарных наук
КГУ имени А.Байтурсынова,
г. Костанай

ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҒАМ САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ – РУХАНИ ДАМУ КЕШЛІ

Аңдатпа. Әлемдік тәртіптің қазіргі заманғы нысаны ретінде жаһандану мемлекетке әлеуметтік-экономикалық өміршеңдіктің әлдеқайда қатаң талаптарын қойды. Жаңадан қалыптасқан мемлекеттерде жаңғырту үдерісі өз дамуының үлгілерін іздеуге әкелді. Егемендік алғаннан кейінгі елеулі өзгерістер қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне әкелді, көптеген дәстүрлі тәсілдерді және стереотиптерді жойды.

Аннотация. Процесс модернизации в новообразованных государствах обусловил поиск собственных моделей развития. Существенные изменения, связанные с обретением суверенитета, привели к радикальным сдвигам в общественном сознании, разрушив многие традиционные подходы и стереотипы. Для Казахстана, как и для большинства постсоветских республик, источником ресурсов и генератором образцов, необходимых для глубокой ценностной трансформации и обретения новой идентичности, стали национальная идентичность и традиционная геополитическая ориентация.

Әлемдік тәртіптің қазіргі заманғы нысаны ретінде жаһандану мемлекетке әлеуметтік-экономикалық өміршеңдіктің әлдеқайда қатаң талаптарын және халықаралық қатынастардың неғұрлым күрделі құрылымдарға интеграциялануын көрсетеді. Жаңадан қалыптасқан мемлекеттерде жаңғырту үдерісі өз дамуының үлгілерін іздеуге әкелді. Егемендік алғаннан кейінгі елеулі өзгерістер қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне әкелді, көптеген дәстүрлі тәсілдерді және стереотиптерді жойды. Қазақстан үшін, сондай-ақ бұрынғы кеңестік республикалардың көпшілігінде ұлттық дәстүр мен дәстүрлі геосаяси бағдарлау - құндылықтарды трансформациялау мен жаңа идентификацияға қол жеткізу үшін қажетті ресурстар генераторына айналды.

Кеңестік мемлекеттің ыдырауы - әлеуметтік-саяси бірігудің ұлттық-этникалық формаларына көшудің бірден-бір жолы болды. Балтық елдері, Закавказ республикалары әртүрлі жолдармен осы мақсатқа жету жолдарын іздестірді және осы негізде ұлттық сәйкестілігін және геосаяси ұмтылысын қалыптастырды. Қазақстанда кеңестік нарықтық емес экономикаға және жергілікті этникалық топтардың ресейлік этникалық топтармен тығыз ассимиляциялануына байланысты, ұлттық

бірегейлену үдерістері баяу жүруде. Әлем дағдарыс арқылы дамиды. Дағдарыс бізді тиімді емес немесе ескірген тәсілдерден арылып одан әрі дамудың жаңа бағыттарын іздеуге әкеледі. Экономикалық дамудың жаңа сыртқы қатерлері кәсіпкерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды ынталандырудың жаңа бастамаларын қажет етеді. Біздің қайда бара жатқанымыз, қайдан келгенімізден де маңыздырақ. Дегенмен, адамдар мен халықтар қарапайым көрінетін біз кіміз? деген сұраққа жауап беруге қиналады. Бұл үшін халықаралық жүйелердің дамуын терең зерттеп, қоршаған айналаны мұқият қадағалап, онымен өзара іс-қимыл нүктелерін табу қажет. Бұл іздестірудегі басымдықтар қазіргі кездегі оқиғалардың мәнін түсіндіре алатын, даму бағытын және қоғамның мақсаттарын тұжырымдай алатын мәдениеттанушылар, философтар, саясаттанушылар мен оқытушыларға берілуге тиіс. Өткеніміз бен бүгінімізден сабақ ала отырып болашақты құрастыруда сақ болу керек [1].

Әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына енудегі өршіл мақсаттарды жүзеге асырудың тиімділігі бүкіл қазақстандық қоғамның күш-жігерін біріктіруге байланысты. Ұлттық идеяның негізі бұл елдің әрбір азаматы үшін түсінікті болуы керек. Бұл үшін халыққа қабылданған шешімдердің әрқайсысын мәнмәтіннің тұрғысынан жүйелі түрде түсіндіру қажет. «Бүгінде тек жеке адам ғана емес, тұтастай ұлттың табысқа жету мүмкіндігі бар, бірақ бұл оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы ғана мүмкін»

Қазіргі заманғы тым жылдам дамып жатқан әлемде интеллектуалды, ғылыми, білім беру, сияқты рухани компоненттерінің маңызы артты. Ұлттың мықтылығы ретінде, мәдениет пен адамгершілік құндылықтарға негізделген саяси ресурстардың ықпалы артып келеді.

Жаһандану жағдайында, ұлттық сәйкестік пен ерекшелігін сақтай отырып ғаламдық кеңістікке интеграциялану мәселесі жас мемлекеттер алдында өткір мәселе. Күн тәртібіне демократиялық құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді үйлесімді өзара байланыстыру тұр.

Н.А.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» атты мақаласында ұсынылған қазақстандық қоғамның рухани жаңаруы - жаңа тарихи жағдайлардағы кезең-кезеңмен жаңару. Осы стратегиялық құжаттарда антропологиялық принцип жүзеге асырылады, себебі әрқашан басты назарда - адам.

Адам әлеуеті, қоғамның әлеуметтік капиталының қарқынды дамуы тұтастай алғанда әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдығы ғана емес, сайып келгенде кез келген ұлттың алдында тұрған басты саяси және идеологиялық міндет болды. Қазақстан да ғаламдық даму үдерістерінен қалып қалғысы келмейді, керісінше, осы үрдіске өз мәдениетін, өз ұлттық кодексін сақтай отырып, бейімделуді қалайды[2].

Көптеген болжамдарға сүйенсек, алдағы жылдары Қазақстанды үлкен серпілістер күтіп тұр, жаңа «мүмкіндіктер терезесі» ашылуда. Жаңа саяси бағыт - жаңа мүмкіндіктерді, сапалы білім беруді, лайықты еңбек пен лайықты болашақты дамытуға бағытталған. Оның іргетасын шынайы қазақстандық патриотизм құрайды. Қазақстандық патриотизмді қалай түсінуге болады? Қазіргі Қазақстан қоғамының құндылықтары мен идеалдары күрделі және көп бағытты. Қазіргі таңда елде ауыз толтырып айтарлықтай мемлекеттік мақтаныш жоқ. Патриотизм жоғары жақтың нұсқауымен емес, жүректен бастау алуы керек. Жас буынның жоғарыда аталған қасиеттерді бойына сіңіріп еңбек пен кәсібилікті серік етіп, өзін –өзі дамытуды қолға алу – күн тәртібіндегі мәселе. Қоғамдағы құндылықтар мен ойлауды өзгерту орасан зор күшті талап етеді. Таяудағы онжылдықта Қазақстан бұрынғы кеңестік кезіндегі идеологиясынан арылып мәдени-ұлттық деңгейде қайта қалыптастыруға мәжбүр болады. Бұл билік пен қоғамның ғана емес, әрбір қазақстандық жауапты азаматтың міндеті. Мемлекет заңнамалық актілерді қабылдау және оларды іске асыру арқылы азаматтық қоғам институттарын құруға және нығайтуға тиіс. Олар, өз кезегінде, жаңа құндылықтарды, салт-дәстүрлерді дамытуға, ерекше мәдениетті қалыптастыруға тиіс [3].

Бірлесе отырып күш жұмылдырса ғана жаңаруға болады. Қазіргі заманғы қазақстандықтар нақты қасиеттер мен құзыреттер жиынтығы бар адамдар ғана болмауы керек. Сонымен қатар олар өз болашағын өз мемлекетімен байланыстыратын азаматтар болуы керек. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру ұранын алға тарта отырып оның критерийлерін анықтау керек. Ғаламдық трансформация дәуіріндегі ел белгілі бір құндылықтарды стандартқа айналдыратын мақсат қоюы қажет, сол мақсатты жүзеге асыру барысында қоғам өмірін нақты мазмұнмен толтыруға тиіс.

Қазақ тарихының кеңес дәуірінде қолданылып жүрген ескі әлеуметтік нормалар экономиканың және технологияның жетістіктерінің әсерінен құлдырайтын болады. Бүгінгі қоғам «өзгерген жағдайға бейімделіп алу үшін қуаласпақ ойнауға мәжбүр». Қазақстанға бұрынғы кеңестік мәдениет пен мемлекеттіліктің ресми институттары негізінде құрылған даралық, плюрализм мен

төзімділік сияқты нәрселер ауадай қажет. Қазіргі кезде біз әл-ауқат пен бай-қуаттылықтың негізгі көздерінің бірі кәсіпқойлық екендігіне көз жеткізіп келеміз.

Бізге қысқа уақытта кәсіби болу үшін өзін-өзі тануды үздіксіз жалғастырып, кәсіби шындалу арқылы өз болашағына сену қажет. Өйткені, ол еңбекқорлық, жауапкершілік және байлыққа ұмтылу сияқты қасиеттермен қатар, адамға табысты адам болуға мүмкіндік береді. Бұл үрдістер әлеуметтік саладағы ұлттық заңнаманың үлкен көлемін, әсіресе еңбек заңнамасы саласында, қайта қарауға және талдауға тура келетіндігін көрсетеді.

Бұл, біріншіден, «жұмыс» анықтамасының жаңа мағынасын анықтайды. «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» анықтамасының түсінігі және ашылуы, қазіргі заманғы мағынада еңбек деген не және жалпыға ортақ еңбек қоғамының идеясын қалай іске асыру керек. Екіншіден, еңбек етуге баулу. Тек осы жағдайда жауапкершілігі мол және шығармашылыққа негізделген еңбек адамының қалыптасуы мүмкін. Тек сонда ғана тәртіп, дәлдік, нақтылық, жауапкершілік сезімін жоғарылату және нәтижесінде кәсіби сапаның жоғарылауы қазақстандықтарды «тартымды халық» ретінде анықтайды.

Әлемдік нарыққа шығу тәртіпті, заңның үстемдігін, ашықтықты және ақпарат қолжетімділігін талап етеді. Бұл өзгерістер тұрақты демократияның берік іргетасы болып табылатын гүлденген орта таптың пайда болуына әкелді. Әлемдік экономиканың елдері бір мезгілде жаһандану үдерісіне қосылады, бұл демократияландыруға және экономикалық даму деңгейін теңестіруге әкеледі. Басқаша айтқанда, экономикалық жауапты қызметкерлердің жұмысы нарықтың дамуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде бүкіл қоғамның әл-ауқаты мен прогрессивті дамуының негізін құрайды.

Осылайша, республика мемлекеттің жаңа нысандарын алады, олар өз кезегінде саяси жүйенің эволюциясының көрсеткіші болып табылады. Қоғамның трансформациясының осы кезеңінде, бейнелеп айтқанда, іргетасы қаланбаған демократиялық ғимараттың нысаны ғана бар деп айта аламыз. Бұл кезеңнің тұрақты сипаты әлеуметтік өмірдің барлық аспектілерін қамтитын дағдарыс болып табылады, сондықтан қол жеткізілген нәтижелерге емес, жоспарланған тенденциялар туралы айтуға болады. Азаматтардың білімі мен ақпараттандырудың өсуі, сондай-ақ басқа елдерде болып жатқан оқиғаларға бейжай қарамауы өз елінің саяси институттарына деген талаптардың күшеюіне алып келеді.

Тұтастай алғанда, Қазақстан 25 жыл бойы жақсы реформаторлық қабілетке ие табысты мемлекет ретінде танылды. Алайда, биліктің бюрократиялық және сыбайлас жемқорлық құрамын жеңе алатын басқару моделін таба алмадық. Фрэнсис Фукуяма «күшті мемлекеттің» тұжырымдамасын паш ете отырып, «болашақта әлем тәртібі үшін ең бастысы - мемлекетті қалай құруға болатынын білу» деп атап көрсетті [4]. Содан кейін ол былай дейді: «Кез-келген жағдайда мемлекет құру өнері - ұлттық күштің маңызды құрамдас бөлігі...» [5]. Сарапшылардың пікірінше, алдағы жылдарда жаһандық сынақтардың уақыты болады, тек күшті мемлекеттер ғана, біріккен ұлттар бұл кезеңнен тиісті түрде өтуі мүмкін. Әлем жаңа жаһандық өзгерістердің алдында тұр. Әлемдік экономика және геосаяси шиеленістің эпицентріне тікелей жақын орналасқан Қазақстанға осы процесстер тікелей әсер етеді. Бұл шабуылға ұлттық санасын жаңғырта отырып «мықты және жауапкершілігі мол адамдардың біріккен Ұлты» бола білген ел ғана қарсы тұра алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. «Казахстанская правда», 13 апреля 2017 г.
2. Ударцев С. Смелый тренд XXI века. «Казахстанская правда», 16 декабря 2012 г.
3. Назарбаев Н. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. «Казахстанская правда», 13 апреля 2017 г.
4. Фукуяма Ф. Сильное государство. Управление и мировой порядок в XXI веке: [пер. с англ.]. М.: АСТ; М.: Хранитель, 2006, 220 с.
5. См. там же. МЫСЛЬ 7 июль